

## Авторлық құқық туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бірінші Орынбасарының өкімі 30 сәуір 1993 ж. N 160-ө

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосының және Қазақстан Республикасының Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының реттеуіне жатпайтын, интеллектілік меншіктің жекелеген объектілеріне авторлықты тіркеу қажеттігі туралы инициативасы құпталсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосына интеллектілік меншіктің осы аталған объектілеріне авторлық құқықты тіркеудің тәртібін белгілеп, жүзеге асыру тапсырылсын.

Премьер-министрдің  
бірінші орынбасары